


Жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру

Орындаған: Алдамжар Жанат

Тобы: 401 ИС



Еңбекті ұйымдастыру



Еңбекті ұйымдастыру — өндіріске жүйелі түрде үздіксіз енгізілетін ғылым мен озат тәжірибе жетістіктері негізінде материалдық еңбек ресурстарының тиімді пайдаланылуын, еңбек өнімділігінің үздіксіз артуын, адамның денсаулығын сақтауды, еңбекті бірте-бірте ең бірінші өмірлік қажетке айналдыруды қамтамасыз ететін шаралардың жиынтығы.

Еңбекті ұйымдастырудың негізінде кәсіпорында, оның бөлімшелерінде және жұмыс орындарында жұмыс күші мен еңбек құралдарын мейлінше тиімді пайдалану қамтамасыз етіледі. Еңбекті ұйымдастыру әрбір кәсіпорында өндіріс мәдениетінің жоғары болуын, ауыр еңбектің жойылуын, еңбек жағдайының мықтап жақсаруын, санитарлық-гигиеналық және эстетикалық жағынан қолайлы жағдай жасалуын талап етеді.



Еңбекті ұйымдастыру – комплексті, сан қырлы процесс. Ол өндірістің барлық сатысын – жұмыс орнынан бастап тұтасынан алғанда, кәсіпорынға дейінгі бүкіл аралық буындарды қамтиды. Мұндағы еңбекті ұйымдастыру қамтитын мәселелерді негізінен техника-экономикалық және әлеуметтік мәселелер деп екі топқа біріктіруге болады. Техника-экономикалық міндеттер еңбек өнімділігін арттыру, техниканы тиімді пайдалану, материал мен еңбекті барынша үнемдеп, жұмыстың көлемі мен түрлерін ұлғайту, атқарылатын жұмыстың санын арттыру, еңбектің үрдіс қарқындылығын қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды. Ал әлеуметтік міндеттерге еңбекті ең бірінші өмірлік қажеттілікке айналдыру, жеке адамды жан-жақты жетілдіру, еңбектің мән-мағынасын және тартымдылығын арттыру, қолайлы еңбек жағдайын жасау және оның мәдениетін көтеру, адамдарды еңбекке деген саналы көзқараста тәрбиелеу және шығармашылық инициативаны кең өрістеу мәселелері кіреді.



Еңбекті ұйымдастырудың басты бағыты



Еңбекті ұйымдастырудың басты бағыты – кәсіпорындарда өндіріс жасаумен тікелей шұғылданатын негізгі жұмысшылар мен негізгі өндірістің бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көмекші жұмысшылардың арасында дұрыс арақатынас орнатудың маңызы зор. Әдетте көмекші жұмысшылардың еңбегін механикаландырудың негізінде бұл жұмысшылардың үлесі азайып отыруға тиіс.

Негізгі жұмысшылардың арасында да еңбекті операция бойынша бөлу тәсілі қолданылып жүрді. Мұның өзі әр адамға жұмысты тезірек меңгеруіне мүмкіндік беріп, бір операциядан екінші операцияға ауысқан кезде сөзсіз орын алатын уақыт шығындарын болдырмайды. Сондықтан кәсіпорындарда еңбек бөлудің ақылға қонымды шегін іздеуге, ал кейбір жағдайларда операцияларды біріктіруге немесе оларды кезектестіруге жұмысшылардың жоспарлас бірнеше мамандықты меңгеруіне қамқорлық жасалынып отырады.



Еңбекті ұйымдастыру деп әрбір ұжым мүшесінің еңбегін ғылым мен озат тәжірибе жетістіктері негізінде жетілдіріп отыруды, еңбек өнімділігінің жоғары нәтижесіне жетуді айтады. Бұл ұғым өндіріс құралдарының неғұрлым ұтымды пайдалануын, озық технологияны пайдалана отырып жұмыс істеу мен демалуды өзара үйлестіріп отыруды талап етеді

Еңбектің дұрыс ұйымдастырылуы үшін ол ғылыми негізде жинақты, үйлесімді, нәтижелі және мархабатты түрдегі жүйеге келтірілуі керек. Ғылыми негіздегі жүйе деп еңбекті ұйымдастыруды жетілдіре беруге арналған шаралардың ғылыми талаптарға сәйкес болуын айтады.

Жинақты деген ұғым еңбекті ұйымдастырудың жан жақты жүргізілуін, яғни өндірістің барлық бағыттарында, салаларында іске асуын талап етеді

Үйлесімді түрде еңбек ұйымдастырудың осы ұжымның нақтылы жағдайларында, ғылыми талаптармен озық тәжірибе үлгісін е сәйкестен дірілген түрі жатады. Нәтижелі деп еңбек ұйымдастыруды жетілдіруге байланысты еңбек өнімділігімен өндіріс тиімділігінің артуын айтады

Қоғамның басты өндіргіш күші – адамдар,. қандай кәсіпорында болмасын, өндіргіш нәтижесі адамдардың еңбегін дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Сондықтан еңбекті ұйымдастыруға әрқашан назар аударылуы қажет. Ұйымдастыру деген ұғым тәртіпке, белгілі бір жүйеге келтіруді талап етеді.. Кез келген еңбек ұжымы адамдардан құралады.. Адамдардың әр тобына немесе әр қайсысына нақтылы тапсырма беріледі де, осы тапсырманы орындауға қажетті өндіріс құралдары бекітіледі және жағдай туғызылады.. Олардың еңбегінің нәтижесі әркімнің өз міндетін жете біліп, оны абыроймен орындауына байланысты.. Бұл үшін еңбекті дұрыс ұйымдастыра білу қажет...

